

## Железин ауданы Михайлов селолық округінің Михайловка селосындағы көшені қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Михайлов селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 мамырда № 5136 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Михайлов селолық округінің Михайловка селосы тұрғындарының пікірін ескеріп және 2015 жылғы 2 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде Михайлов селолық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШТІ:**

1. Железин ауданы Михайлов селолық округінің Михайловка селосындағы " Советская" көшесі "Бауыржан Момышұлы" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округ әкімінің м.а.*

*Р. Кутлубулатов*